

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2344 Қаулысы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2010 — 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 2 3 4 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

М и с с и я с ы

Елдің өңірлік держава ретіндегі саяси ұстанымы Қазақстанның сыртқы шекараларының периметрі бойынша қауіпсіздік тетіктерін н ы ғ а й т у

Қазақстанды өңірдегі негізгі ойыншыға айналдыру Мемлекеттік органдардың сыртқы саясат саласындағы күш-жігерлерін үйлестіру.

П а й ы м д а у ы

Қазақстандық қоғамды тиімді және орнықты дамыту үшін қолайлы сыртқы саяси органы қалыптастыру, Қазақстанның бәсекелестікке неғұрлым қабілетті елу мемлекеттің қ а т а р ы н а к і р у і .

Шет елдерде Қазақстанның азаматтары мен заңды тұлғаларының ұлттық мүдделерін т и і м д і т ү р д е қ о р ғ а у .

Тиісті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру.

Халықаралық құқықтың базалық қағидаттарын ықтимал қайта қарау жағдайында халықаралық қарым-қатынастың өзгермелі сәулетіне елдің сыртқы саяси бағытын б е й і м д е у .

Қазақстанның жаһандық және өңірлік ауқымдағы белсенді ойыншы ретіндегі ұстанымы.

2. Ағымдағы ахуалға талдау жасау

Қазақстан Республикасының егемендігі мен қауіпсіздігін дипломатиялық құралдармен қамтамасыз ету, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті сақтау.

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету Қазақстанның сыртқы саясатының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда мемлекеттік шекараны делимитациялауды және демаркациялауды жеделдетіп аяқтаудың және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындаудың маңызды с т р а т е г и я л ы қ м ә н і б а р .

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау Қытай Халық Республикасымен ғана толық аяқталған.

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ету тұрғысында Каспий теңізінің ара жігін ажыратуға байланысты каспий маңы мемлекеттерінің арасындағы мәселелерді реттеу және биологиялық, минералдық ресурстарды игеруге, кеме қатынасына, қоршаған ортаны қорғауға қатысты қызметті тәртіпке келтіру аса маңызды болып табылады. Бұл міндет Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі бес жақты келіссөздер шеңберінде шешілуде (Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі арнайы жұмыс тобы).

Каспий өңіріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Каспий теңізіндегі қару-жарақтың тұрақты теңгерімін орнатуды және олардың санына бақылау жасау жөніндегі бесжақты тетікті құруды дәйекті түрде жақтайды, мұның өзі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тағы бір кепілі және жанжалдардың алдын алудың сенімді құралы болуы тиіс.

Мемлекетаралық ашық жанжалдардың қауіп-қатері азайған жағдайда халықаралық терроризм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыс, есірткі трафигі, заңсыз көші-қон және басқалары сияқты «жаңа» сынақтар үлкен қауіп туғызады.

Мұндай ахуалда өңірлік қауіпсіздікті ұстап тұру - БҰҰ, АӨСШК, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ және басқалары сияқты халықаралық құрылымдардың шеңберіндегі ұжымдық күш-жігер арқылы ғана мүмкін болады.

Санамаланған құрылымдардың ішінде АӨСШК, ШЫҰ және ҰҚШҰ өңірлік нақтылықтарға жақындаушылар ретінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі біздің мақсаттарымызға қол жеткізу үшін оңтайлы алаңдар болып табылады. Сондай-ақ

ашық жанжалдарға қарсы іс-қимыл жасау үшін құрылған құрылым ретінде, бұлар экономикалық, экологиялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық үшін әлеуетке ие болып отырғанын ескеру қажет.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Азиядағы және одан тысқары жерлердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды буынына айналды. Оған екі әлемдік державаның - Ресей мен Қытайдың мүше болуының өзі - басқа да әлемдік ықпал ету орталықтарының, ең алдымен АҚШ-тың тарапынан мұқият қызығушылық туғызып отыр. Осы мағынада күш теңгерімділігін одан әрі сақтау үшін Қазақстанның алдынан кең ауқымды болашақ ашылады. Оның үстіне АӨСШК мен ШЫҰ арасында байланыстарды дамыту қажет, өйткені екі ұйым да аса жақын мақсаттарды көздейді.

2010 жылдың маусымына дейін еліміздің АӨСШК-ге және 2010 жылдың ортасынан бастап бір жыл бойы ШЫҰ-ға төрағалық етуі Қазақстан қызметінің басымдықтары болып табылады. Осыған байланысты мынадай міндеттер тұр:

- АӨСШК-нің Сенім шаралары каталогының кезең-кезеңімен орындалуын жүзеге асыру. Сенім шаралары жөнінде Құжаттар пакетін қабылдау күтіп тұр, мұның өзі экономикалық, экологиялық және гуманитарлық өлшемдерде, сондай-ақ жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге қарсы күрес саласында пилоттық жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді;

- жергілікті жанжалдардың туындау тәуекелін төмендете отырып, АӨСШК мен ШЫҰ-ның шарттық-құқықтық базасын одан әрі нығайту. Азияда сенім, ынтымақтастық және осы заманғы қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұру кеңістігін қалыптастыруға ілгерілеу қажет;

- 2010 жылы өтетін АӨСШК-нің 3-саммитінің сапалы мазмұнын қамтамасыз ету. 20-дан астам азиялық мемлекеттер қатысатын осы іс-шарада үдерістің даму жолдарын айқындайтын саяси құжат қабылданады деп күтілуде;

- 2012 жылы АӨСШК-нің 4-ші СІМК-ін және 2014 жылы АӨСШК-нің 4-ші Саммитін лайықты өткізу;

- 2011 жылы Астанада ШЫҰ-ның Саммитін ұйымдастыру және өткізу. Іс-шараның қорытындылары бойынша ШЫҰ Мемлекеттер басшылары кеңесінің XI мәжілісінің декларациясы қабылданады деп ұйғарылуда. Құжат «Шанхай бестігінің» толыққанды халықаралық ұйымға айналу сәтінен бастап, осы кезең ішіндегі қызметін қорытындылайтын болады және алдағы онжылдыққа арналған басымдықтарын белгілейді;

- Азиялық өңірде Форумның қажеттілігін ұлғайту үшін АӨСШК үдерісіне жаңа қатысушыларды тарту жөнінде жұмысты жүргізу. 2009 - 2011 жылдары бірқатар азиялық мемлекеттерден (Катар, Сауд Арабиясы, Оман, Сирия, Индонезия, Бруней және басқалары) Кеңеске толық құқықты мүшелікке етуге өтінімдер түседі деп күтілуде.

Осылайша, АӨСШК мен ШЫҰ жұмыстарының мақсаты азиялық қауіпсіздік

сәулетін қалыптастыру үшін алғышарттар құру болып табылады.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиға Ислам әлемі мен Батыс арасындағы қарым-қатынасты тұрақсыздандыруға әкеліп соқты. Мұның салдары әлемде діни экстремизмнің өсуі болды, ол бірқатар Орталық Азия елдерінде 90-шы жылдардағы оқиғалар көрсеткеніндей, өңірлік және ұлттық қауіпсіздікке елеулі қауіп-қатер туғызады. Осындай жағдайларда этникааралық және конфессияаралық толеранттылықтың жоғары деңгейі бар ел ретінде Қазақстан діндердің ұнқатысуы бастамасымен шықты. Бұл іс жүзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің үш съезін Қазақстанда өткізу арқылы іске асты. Осы бастама өз кезегінде «Мұсылман әлемі - Батыс» ұнқатысуын саяси деңгейде ұйымдастыру үшін негіз болды. 2008 жылғы қазанда Астанада бірқатар мұсылман және батыс мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің «Ортақ әлем: әралуандық арқылы прогреске» атты кездесуі өтті.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру.

Халықаралық танудың жаңа деңгейі Қазақстанға жауапкершіліктің жаңа деңгейін жүктейді. Біздің еліміз ұсынған бастамалар қолдау тапты және Арал экологиясы, ауыз судың жетіспеуі, өңірдің орнықты дамуының мәселелері, жаңа қыр көрсетулер мен қауіп-қатер алдында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық сияқты өңіріміздің өзекті проблемаларына назар аудартты.

Алайда өзінің геосаяси жағдайына және экономикалық әлеуетіне байланысты Қазақстан өңірлік проблемалармен шектеліп қалмайды.

Бұдан былай да көп векторлы принциптерді ұстану, барлық мемлекеттермен достастық және болжамданатын өзара қарым-қатынасты дамыту, көршілермен және әлемнің: Ресей, ҚХР, АҚШ сияқты жетекші елдерімен, ЕО, ОА, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасты тереңдету қажет.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ), ШЫҰ, АӨСШҚ, Түркітілдес мемлекеттердің мәдениет және өнер жөніндегі ұйымы (ТҮРКІСОЙ), Азиядағы ынтымақтастық ұнқатысуы (АЫҰ), ЕҚЫҰ және ИКҰ сияқты ұйымдардың хатшылықтарында төрағалық ету және жетекшілік жасау Қазақстанның өсе түсіп отырған беделін айғақтайды және еліміздің халықаралық субъектілігін нығайтуға жәрдемдеседі.

Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын көтеру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды нақтылаудың, интеграция мен институционалдық-құқықтық реформалардың еуропалық тәжірибесіне қосылудың, технологиялық, энергетикалық, көліктік, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын

айқындайды. Тиісті Бағдарламаны және жоғарыда аталған салаларда 86 іс-шарадан тұратын оны Іске асыру жөніндегі жоспарды Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп әзірлеген болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты жетекші еуропалық елдермен стратегиялық әріптестікті орнату деп белгіленді. Бірінші «осындай» әріптес Франция мен Испания болды, олармен Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға Президент Н. Назарбаевтың 2008 жылғы маусымдағы Парижге сапары және Испания Корольдігінің Сыртқы істер министрі М.А. Моратиностың 2009 жылдың маусымындағы Астанаға сапары б а р ы с ы н д а қ о л қ о й ы л д ы .

Сонымен бірге, бағдарламаны әзірлеу көп жағдайда, Еуропалық Одақтың Орталық Азиямен және Қазақстанмен өзара ықпалдастығының негізгі бағыттарын айқындайтын Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы «Жаңа әріптестік стратегиясын» 2007 жылғы маусымда ЕО саммитінде қабылдауына негізделді. Мақсатты «Жол карталарын» әзірлеу, басым жобалардың тізімін айқындау, спецификалық тақырыптар бойынша еуропалық әріптестермен тұрақты кездесулер өткізудің тәжірибеге енуі үшін үнқатысу ш е ң б е р і н к е ң е й т у қ а ж е т .

Осы Бағдарлама шеңберінде оның анағұрлым маңызды бағыты Қазақстанның ЕҚЫҰ-да 2010 жылы табысты түрде төрағалық етуін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның алдында мынадай міндеттер түр:

- Қазақстанның ЕҚЫӨ жұмысының ортақ қағидаттарына сәйкес келетін және алдыңғы төрағалықтар басымдықтарының сабақтастығын қамтамасыз ететін Ұйым төрағалығындағы қызметінің іріктелген басымдықты бағдарларының тізбесін іске а с ы р у ы қ а ж е т ;

- Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық оңалту аясындағы ЕҚЫҰ бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға жәрдемдесу;

- 2010 - 2012 жылдары үш өлшем бойынша (әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық) негізгі шешімдерді қабылдау арқылы ЕҚЫҰ «Үштіктері» (Грекия - Қазақстан - Литва және Қазақстан - Литва - Ирландия) жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету.

- Қазақстанның төрағалықтың және тұтастай алғанда «Үштік» қызметінің нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін шешімдер тұжырымдау мен қабылдау үдерісінде бел сен ді лі к т а н ы т у ы қ а ж е т ;

- 2010 жылдың аяғында Астанада ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) отырысын жоғары деңгейде өткізу;

- ЕҚЫҰ-ның орталық органдары мен миссияларында ҚР-дың тиісті өкілдігін қамтамасыз ету (оның ішінде ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдер сайлауларындағы бақылаушылар миссияларында). Әртүрлі халықаралық ұйымдардың құрылымдарында Қазақстанның әлі де жеткіліксіз қатысуы бүгінде объективті проблема болып табылады . ЕҚЫҰ ҚР-дың ұлттық мүдделерін ғаламдық деңгейде таратудың қосымша арнасы

қызметін атқарып, бұл Қазақстан жариялаған басымдықтарды ілгерілету үшін ЕҚЫҰ-ның және оған мүше мемлекеттердің ресурстарын сапалы жұмылдыруға мүмкіндік бермек. Осыған байланысты біздің алдымызда ЕҚЫҰ-ның жұмыс органдары мен миссияларында, оның ішінде 2011 жылдан кейінгі кезеңде өкілдікті кеңейту жөнiндегi мiндет тұр.

Сыртқы саясаттың еуропалық векторында Еуроодақпен жаңа негіздемелік шартты әзірлеу мен жасасу аса маңызды болып табылады, бұл шарт екі жақты қарым-қатынасты жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған. «Еуропаға жол» бағдарламасы осы Келісімді әзірлеу үшін маңызды базалық материал болмақ.

ҚР-дың сыртқы саясатының теңгерімділігін қолдау, оның азиялық және таяу шығыстық бағыттарын күшейту Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) шеңберінде мұсылман әлемі елдерімен ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі. Осы ұйымда Қазақстанның мүшелікте тұруы және алдағы оған төрағалығы Қазақстанның бірқатар сыртқы саяси бастамаларын іске асыруға жәрдемдеседі, жаһандық халықаралық ұйымдарда ИКҰ-ға мүше елдер тарапынан Қазақстанға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді, мұсылман әлемі елдерінен инвесторларды экономикалық ынтымақтастық шеңберіне тартуға және Ұйымның, сондай-ақ Қазақстандағы Ислам Даму Банкінің қаржылық және зияткерлік ресурстарын тарта отырып, ұлттық мақсатты бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы Ресей бағытын Қазақстан Республикасының Президенті негізгі басымдық ретінде айқындап берді.

Тарихи және геосаяси факторлар бойынша Ресей Қазақстанның аса маңызды серіктесі болып келді және бола да бермек.

Қазақстанның Ресеймен ынтымақтастығы барлық деңгейдегі өзара ықпалдасудың жоғары дәрежеде болуымен сипатталады, ұтымдылық негізде және тең құқықтық қағида ттарына құрылады.

Екі жақты ынтымақтастықты тұрақты ұлғайту дәстүрі, соның ішінде аса жоғары және жоғары деңгейдегі кездесулерді, ресми, қоғамдық-саяси, іскер топтардың және тараптардың сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің кездесулерін көбейту арқылы ұлғайту, парламентаралық және өңіраралық байланыстарды күшейту қуатталады.

Қазақстан мен Ресейдің арасында өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығын, мұнай-газ секторын, энергетиканы, ғарышты, инновациялық саланы, әскери-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты және т.б. қоса алғанда, барлық бағыттар бойынша кең ауқымды ынтымақтастық табысты дамуда.

Еліміздің ұлттық мүдделерін ескере отырып Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық серіктестікті нығайту ҚР-дың сыртқы саясатының басымдықтарының бірі болып қала береді. Энергетика мен инфрақұрылым саласындағы бірлескен ірі жобаларды уақтылы іске асыруға, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің суын бөлу, судың сапасын бақылау мен ластануын

болдырмау, заңсыз көші-қонның алдын алу, қосылған құны жоғары тауарлардың үлесін ұлғайту есебінен екі жақты сауда айналымының құрылымын оңтайландыру мәселелерін шешуге айырықша көңіл бөлінеді.

Ұлттық экономиканы әртараптандыру қажеттігін негізге ала отырып, экономикалық ынтымақтастықта өңдеу және өндірістік салаларға, Екі елдің экономикасының шикізаттық емес секторларындағы ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға б а с а м а н б е р і л м е к .

Америка Құрама Штаттарымен екі жақты қарым-қатынастың бүкіл спектрі бойынша стратегиялық әріптестік тереңдетіледі. Б. Обаманың жаңа Әкімшілігімен тығыз ынтымақтастық жолға қойылған. Осы негізде аса жоғары және жоғары деңгейдегі сапарлармен алмасуды ұйымдастыру мәселелері пысықталуда.

Екі жақты қарым-қатынасты, соның ішінде Астана мен Вашингтон арасындағы стратегиялық үнқатысуларды институттандыру жақын келешектегі басымдық болып т а б ы л а д ы .

Экономикалық тұрғыдан Қазақстанға қатысты Джексон-Вэник түзетуінің іс-қимылын жоюға қол жетізу, саудада неғұрлым қолайлылық берілу мәртебесін алу маңызды. Қазақстанның шикізаттық емес секторына американ инвестициясын, соның ішінде мемлекеттік-жеке меншік экономикалық әріптестік бойынша қазақстан-американ бастамасы шеңберінде тарту жөніндегі жұмыстарды одан әрі ж а л ғ а с т ы р у қ а ж е т .

Құрама Штаттармен баламалы энергия көздерін дамыту саласындағы ынтымақтастықты жолға қоюдың келешегі зор болмақ.

АҚШ-пен таратпау саласындағы ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғаумен бірге, екіжақты ынтымақтастықтың негізі ретінде маңызын сақтауы тиіс.

Ауғанстан Ислам Республикасын қалпына келтіруге Қазақстанның анағұрлым кең ауқымда қатысуына Құрама Штаттардың мүдделілігін пайдалану орынды көрінеді. Ауғанстан бойынша бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыру біздің еліміздің өңірдегі беделін көтереді, Вашингтонмен қарым-қатынаста ұлттық мүдделерді талап етуге қосымша дәйектер береді.

ЕҚЫҰ-дағы Қазақстанның алдағы төрағалығын ескере отырып, ЕҚЫҰ шеңберіндегі тиімді диалогты нығайту және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік департаментінің арасындағы жедел ақпараттық алмасуларды жолға қою («қызу арналар» орнату) орынды болмақ.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2008 жылғы сапарының нәтижелері бойынша Қазақстанның Жапониямен қарым-қатынасында екіжақты саяси диалогты, сондай-ақ екі ел арасындағы инвестициялық және энергетикалық ынтымақтастықты тереңдету атап өтіледі. Мәселен, атом саласындағы қарқынды дамып келе жатқан ынтымақтастық таяу жылдары қазақстандық уран өнімінің жапониялық рыноктағы үлесін елеулі түрде арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның Киото хаттамасын ратификациялауы

алдыңғы қатарлы энергия үнемдеуші технологияларды тартуы перспективаларын кеңейтеді. Жапония-Қазақстан ынтымақтастық жөніндегі комитетінің басшыларының бірі Жапонияның Экономика, сауда және индустрия министрі етіп тағайындалуына байланысты Комитеттің деңгейін көтеру-экономикалық, ғылыми-технологиялық және инвестициялық өзара ықпалдастықты жандандыруға жәрдемдесуге тиіс.

Қазақстан-Үндістан қарым-қатынастарын стратегиялық әріптестік деңгейіне шығару біздің елімізде үнділік инвестиция мен технологияларды тартуға қосымша мүмкіндіктер ашады. Қазақстан-Үнді қатынастары алдағы кезеңде өңірлік өзара іс-қимылдың елеулі факторы болуға қабілетті. Осы орайда, таяу келешекте Қазақстан дипломатиясының маңызды міндеті Үндістанмен стратегиялық әріптестік қатынастарды практикалық мазмұнмен, соның ішінде Қазақстанда шикізаттық емес салалардағы ірі және орташа бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, толықтыру болып табылады. Осыған байланысты, Ынтымақтастықты түрлі салалар бойынша дамытудың іс-қимыл жоспарын, немесе басқаша айтқанда, «Жол картасын», қабылдау мен одан әрі іске асыру маңызды міндет болып қала береді.

Мұнай-газ, фармацевтика, тоқыма, әскери-техникалық салаларда, ақпараттық технология саласында Үндістанмен өзара ықпалдастықтың айтарлықтай келешегі бар.

Қазақстан араб әлемінің жетекші мемлекеттерінің арасында саяси және экономикалық әріптестерінің шеңберін сенімді түрде кеңейтуде. Саяси диалогтың мазмұнды күн тәртібі, экономикалық мүдделердің кең ауқымының бояуы, ҚР аумағында ауқымы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка рыноктарына отандық өнімдерді ілгерілету, ғылым, білім, мәдени алмасу салаларында байланыстарды дамыту бүгінгі күні бізге осы елдермен қарым-қатынастың сапалы жаңа кезеңі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Орталықазиялық вектор Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Осы бағытты жандандыру Қазақстанның және Орталық Азияның бүкіл ғаламмен өзара ықпалдасуын неғұрлым жоғары деңгейге шығарудың ұзақ мерзімді стратегиясымен сипатталады және ҚР-дың әлеуетіне сәйкес келеді.

Мемлекет басшысының Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы бастамасын ілгерілету мақсатында интеграция идеологиясын қалыптастыру қажет, ол ұзақ мерзімді стратегия және кезең-кезеңімен жүргізілетін тактика сипатында болуға тиіс және түпкі нәтижесінде біздің өңіріміздің әлемдік саяси аренада дербес ойыншы болуына мүмкіндік бермек.

2010 - 2014 жылдар кезеңінде интеграцияны Мемлекетаралық үйлестіру және үкіметаралық кеңестері мен Сыртқы істер министрлері кеңестерінің мәжілістері шеңберінде тереңдету көзделуде. Сауда қатынастарын, транзиттік және кедендік рәсімдерді үйлесімдендіру жөніндегі келісімдер жасасу, еркін сауда режиміне қол

жеткізу, сауда-экономикалық өзара қатынастарды тереңдету, су - энергетикалық, көліктік және азық-түліктік халықаралық салалық консорциумдардың жұмыс істеуі үшін нормативтік-құқықтық базалар қалыптастыру ұйғарылуда.

Мәдени-гуманитарлық аспектіде біртұтас ақпараттық, мәдени кеңістік құру, бірінші кезекте оған коммуникация мен ақпараттандырудың заманауи құралдарын дамыту арқылы қол жеткізу, білім беру стандарттарын, білім беру туралы құжаттарды өзара тану және баламалылығы жөніндегі нормативтік базаны біріздендіруді қалыптастыруды қоса алғанда, нормативтік-құқықтық базаны үйлесімдендіру маңызды б о л м а қ .

Өңірлік интеграцияны дамыту үшін басқа да маңызы бар аспектілердің бірі - халықаралық терроризмнің белең алуына және радикалды діни идеялардың таралуына қарсы тұруда Орталық Азия мемлекеттерінің дін басыларының, діни оқу орындарының арасындағы тығыз байланысты және өзара ықпалдасуды жолға қою болып табылады.

Біздің еліміз бұрынғысынша БҰҰ-ны соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешуде басты жауапкершілік жүктелген және халықаралық құқықтың кепілі рөлін орындайтын халықаралық әмбебап ұйым деп қарау пікірін ұстанады. Қазақстан БҰҰ-ны қазіргі заманғы қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерге әлемдік қоғамдастықтың тиімді жауап беруін қамтамасыз ету ісіндегі орталық рөл ойнайтын ғаламдық форум ретінде қ а р а с т ы р а д ы .

Жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың таралуының, халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің өсуі, есірткінің заңсыз айналымы, климаттың жаһандық өзгеруі, адам құқықтарын қорғау, азық-түліктің жетіспеуі, қарулы қақтығыстар және басқа да жаһандық қыр көрсетулер трансқұрлықтық сипатқа ие, оларға қарсы тұру БҰҰ шеңберінде барлық мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру арқылы мүмкін болмақ.

Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастығын тереңдету халықаралық сахнада елдің ұстанымы мен беделін нығайтуға бағытталған. Қазақстанда БҰҰ жүйесінің халықаралық ұйымдарының жаңа кіші өңірлік кеңселерін ашу және Алматыға Орталық Азиядағы көп жақты дипломатияның өңірлік орталығы мәртебесін бекіту сыртқы саяси басымдықтарды ілгерілетуге жәрдемдесетін болады. Таяу жылдарда Алматы қаласында БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық комиссиясының Азия мен Тынық мұхит елдеріне арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясының (ЭСКАТО-БҰҰ ЕЭК), БҰҰ-ның Тұрғын халық қорының (ЮНФПА) және Есірткілерге қарсы күрес жөніндегі орталықазиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының (ЦАРИКЦ) кеңселерін а ш у ж о с п а р л а н у д а .

Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі ұлттық мүдделерді қорғауға және елдің одан әрі дамуына ықпал ететін интеграция саясаты болып қала береді. Осы тұрғыда ТМД-ның әлеуеті мен тиімділігін арттыру, ЕурАзЭҚ шеңберінде Кедендік одақтың және Біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау айрықша назар аударуды талап етеді.

ЕурАзЭҚ елдерінде экономикалық даму мен әлеуеттің деңгейлері әртүрлі, ұлттық экономикалық саясатты жүргізуде түрлі көзқарасты, ұстанымдарды және бағыт векторларын ұстанады. 2008 - 2011 жылдарға арналған ЕурАзЭҚ шеңберінде Кедендік одақты қалыптастыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын және 2010 - 2011 жылдарға арналған Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарын орындау ЕурАзЭҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының шетелдердегі жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету, сыртқы байланыстарды к о н с у л д ы қ р е с і м д е у .

Қазіргі уақытта АҚШ, ЕО және Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының бастамасы бойынша әлемнің барлық мемлекеттерінің шетелдік паспорттарының қорғаныш деректеріне талап қатая түсуде. Биометриялық деректері бар паспорттардың болуы - дамыған елдердің шекарасын кесіп өткен кезде шекаралық бақылау рәсімін жеңілдетеді. Осыны ескере отырып, ҚР-дың тиісті органдары ұлттық паспорттардың жаңа түрін беруге кірісті. 2009 жылдың аяғында СІМ дипломаттық және қызметтік паспорттардың байқау үлгілерін дайындауды жоспарлауда.

ҚР ҰҚК Шекаралық қызметінің деректері бойынша жыл сайын шетелдерге 4 миллионнан астам ҚР азаматтары сапар шегеді, бұл барлық еліміз халқының ширегіне ж а қ ы н д е р л і к к ө р с е т к і ш .

ҚР-дың шетелдік мекемелерінің консулдық есебінде 17 мыңға жуық ҚР азаматтары тұрады (тұрақты тұрғын орнына жол жүретіндер, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтіндер, студенттер, тағылымгерлер, туристерді есептемегенде).

ҚР азаматтары сапарларының жағрапиясы уақыт озған сайын кеңеюде, ҚР СІМ-не консулдық жәрдем көрсету туралы әлемнің барлық өңірлерінен өтініштер түсуде.

ҚР-дың шетелдердегі мекемелері әлемнің бар болғаны 66 мемлекетінде бар. Бұл ресурстар ҚР азаматтарының құқықтарын толыққанды қорғау үшін, оның ішінде шетелдіктер асырап алған, ҚР азаматтары - 7 мың баланың/қыз баланың жағдайына мониторинг жүргізу үшін жеткіліксіз.

Осыған байланысты Латын Америкасы, Оңтүстік Шығыс Азияны және Африканы қоса алғанда, әлемнің бірқатар өңірлерінде ҚР-дың консулдық мекемелерінің санын ұ л ғ а й т у қ а ж е т т і г і т у ы н д а п о т ы р .

Қызметтік және ұлттық паспорттардың иелері - ҚР азаматтарының Еуропа елдеріне сапарлары кезінде шенген визасын алуға байланысты елеулі проблемаларға тап болатынын атап өту қажет (визаларды ресімдеуге ұзақ мерзім кетеді - бір айдан астам, 10-20-ға дейін құжаттар ұсыну, консулмен сұхбат, биометрикалық деректерді тапсыру ж ә н е т . б .) .

Осыны ескере отырып, Сыртқыісмині Еуропалық комиссиямен және ЕО жетекші

елдерімен (ГФР, Ұлыбритания, Франция, Италия, Нидерланды) бірлесіп, ҚР азаматтары үшін ЕО елдерінің визалық режимін оңайлату мәселесін пысықтауда.

ҚР азаматтары үшін шенген визаларын беру режимін жеңілдету ЕО-ның заңсыз көші-қон мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, реадмиссия, босқындар, паспорттардың қорғаныш деректерін күшейту мен шекаралық бақылауды басқару мәселелері бойынша Қазақстан заңнамасын еуропалық нормаларға сәйкес келтіру талаптарына негізделеді.

Сыртқы істер министрінің Еуркомиссия басшылығымен, ГФР, Чехия, Бельгия, Нидерланды Сыртқы істер министрлерімен кездесулер, сондай-ақ СІМ Жауапты хатшысының Францияның және Ұлыбританияның СІМ және ІІМ басшылықтарымен келіссөздер өткізуіне қарамастан, ҚР және ЕО арасындағы аталған келісімдер бойынша ресми келіссөздерді бастаудың сәті түспеуде.

Осыған байланысты ҚР - ЕО арасындағы визаларды ресімдеуді жеңілдету туралы келісімдерге қол қою мерзімін белгілеу қиын болып отыр.

Алдағы уақытта дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визадан босату туралы тиісті келісімге қол қоятын ЕО елдерінің тізімін кеңейту жоспарлануда.

Шет елдерде Қазақстан Республикасының оң имиджін қалыптастыру және ілгерілету.

Қазақстан өткен жылдар ішінде байсалды халықаралық бедел жинады және шетелдердің саяси, қаржылық-экономикалық истеблишменті топтары арасында жақсы танылады.

Сонымен қатар, басқа да мақсатты аудиторияларда (азаматтық сектор, жастар, т.б.), тұтастай алғанда, халықаралық ақпараттық кеңістікте және шетелдердің қоғамдық пікірінде Қазақстанды қазіргі тану деңгейі еліміздің әлеуетіне сәйкес келмейді және бірсыпыра кемшіліктер де жоқ емес.

Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің серпінді дамуына қарамастан, БАҚ-та Қазақстан туралы үшінші әлем ретіндегі таптаурын, қасаң көзқарастар кеңінен пайдаланылады. Бұған қазақстан тақырыбының ғаламдық ақпарат кеңістігінде тым аз, үзіп-жарын берілуі, елімізде болып жатқан оқиғалар ақпараттық тұрғыда бұрмаланып немесе сыңаржақ көрсетілуі және, мысалға, Қазақстанда және орталық азиялық өңірде әлемдік жетекші БАҚ өкілдігінің жеткіліксіз болуы сияқты өзге факторлар да ықпал етеді.

Еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары Қазақстанның танымалдығын көтеру, оны әлемде оң тұрғыдан тануды қамтамасыз ету міндетінің өзектілігін арттырады, ал бұл еліміздегі болып жатқан үдерістерді кең ауқымда ақпараттық қолдау және халықаралық аренада сауатты имидждік жайғастыру арқылы ғана мүмкін болмақ.

Қазақстанның имиджі қаншалықты түсінікті әрі халықаралық пікірге қабылданатын болса, ұлттық мүдделерді, елдің бәсекеге қабілеттілігін, соның ішінде инвестициялық

және туристік тартымдылығын іске асыру дәрежесі де соған байланысты. Мұның кең мағынадағы астарында Қазақстанның қазіргі әлемнің геосаяси және өркениеттік кеңістігінде лайықты орын алу ниеті жатыр.

Көрсетілген міндеттерді шешу Қазақстанның объективті шындығын ескере отырып, ақпараттық күн тәртібіне деген көзқарастардың бірыңғай жүйесі негізінде мемлекеттік органдардың және барлық қоғамдық институттардың іс-әрекетін үйлестіру арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл келісілген коммуникативтік стратегия әзірлеуді және соның негізінде Қазақстанның әлемдегі оң имиджін ілгерлету бойынша ұзақ мерзімді, пәрменді науқан жүргізуді талап етеді.

Келесі кезеңде стратегиялық жоспарлау мен ғаламдық және өңірлік ақпараттық кеңістікте коммуникативті үдерістерге түзетулер енгізу негізінде мемлекеттің имиджін басқару жөнінде жұмыс жүргізу моделіне көшу жоспарлануда.

Бұдан басқа, Қазақстанды ұлттық брендiлеу міндеті өзекті болып табылады. Бұқаралық сана мен шетелдердегі қоғамдық пікірде Қазақстан туралы орнықты оң бейне мен ортақ пайымдау қалыптастыру стратегиялық мақсат болып табылады.

Брендiні шындықтан бөліп, жасанды түрде құруға болмайды, ол елдің брендiсіне арқау болатын негізгі құндылықтарды жеткізуші болып табылатын азаматтардың санасында «өсіп-жетілуге» тиіс, сондай-ақ әлемдік ареналарда жайғастыру кезінде Қазақстан үшін пікірлері маңызды болып саналатын елдердің тұрғындары санасында бірте-бірте нығаятын болады.

Елдік брендiлеуді табысты жүргізудің әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, біздің басымдықтарымыздың негізіне танымал және бірегей имидж жасауға мүмкіндік беретін мынадай үш нәрсе: мәдени-тарихи, аумақтық-географиялық және экономикалық құрамдар арқау болады.

Біздің имидждік жұмысқа деген көзқарасымыз барынша прагматикалық тұрғыда: инвестиция көлемінің өсуі, Қазақстанның ұстанымының нығаюы және халықаралық аренадағы беделінің артуы түріндегі нақты экономикалық және саяси қайтарымдарды күтеміз.

Көрсетілген міндеттерді іске асыру мақсатында ҚР Сыртқы істер министрлігінің құрылымында Халықаралық ақпарат комитеті жұмыс істейді, ол шет елдерде Қазақстан Республикасының оң имиджін нығайту және оның жетістіктері туралы ақпараттар тарату мәселелері бойынша арнаулы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі міндеті халықаралық аренада Қазақстан Республикасының оң имиджін қалыптастыру, көтеру мен нығайту және Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты туралы, саяси, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, сондай-ақ өзге де қызмет салаларындағы жетістіктері туралы ақпаратты тарату жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстанның әлемнің 58 мемлекетінде дипломатиялық өкілдіктері болуы,

Қазақстан өкіметінің шешуші бағдарламалық құжаттары туралы хабардар етуді қоса алғанда, билік басындағы элиталармен тікелей ақпараттық байланысты пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы жұмыстың шеңберінде шетелдерде мақсатты насихаттық іс-шаралар (баспасөз конференциялары, брифингтер мен шет елдердің және халықаралық ұйымдардың қоғамдық-саяси, іскер, сараптамалық топтарының өкілдерімен кездесулер), осы тақырыпқа ақпараттық кең ауқымды науқандар жүргізу одан әрі жалғаса береді.

Шетелдік ақпараттық әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстанда болып жатқан оқиғаларды кеңінен жариялау үшін шетелдік жетекші БАҚ-тармен ынтымақтастық жолға қойылған.

Журналистердің және белгілі саяси, қоғам қайраткерлері, сарапшылар қатарынан құралған қоғамдық пікірлер жетекшілерінің қалыптасқан және тұрақты кеңейе түсіп отырған топтары шоғырланған тиімді коммуникациялық арналарды кеңейту жалғастырылады.

Мақсатты шетелдік аудиториялар арасында Қазақстан туралы орнықты оң көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ объективті ақпарат тарату үшін өзіміздің тиімді құралдарымызды дамыту мақсатында ағылшын тілінде - www.kazakhstanlive.com, орыс тілінде www.kazakhstanlive.ru ақпараттық-анықтамалық порталдар жұмыс істейді, Қазақстанның дипөкілдіктеріндегі сайттар жетілдірілуде, заманауи интерактивті интернет сегменті - блогосфера белсенді пайдаланылады, онда Қазақстан тақырыбын тақырыптық талқылауға тұрақты түрде бастамашылық жасалып отырылады.

Қазақстанның әлемдегі негізгі оң сипаттағы бейнесі келесі стратегиялық идеологем негізінде құрылуға тиіс:

Қазақстан табысты жаңғыру үстіндегі және бәсекеге қабілетті, құқықтық және демократиялық мемлекет;

Қазақстан - орталық азиялық өңірді дамытудың локомотиві, әлемдік экономиканың маңызды элементі;

Қазақстан - өзіндік төл мәдени-тарихи мұралары бар ел, толеранттылықты, этностарды және діндерді құрметтейтін, мәдениеттер өзара кірігетін жер;

Нұрсұлтан Назарбаев - халықаралық ауқымдағы беделді мемлекет қайраткері.

Қазақстан мемлекетінің басшысы тарихи тұрғыдан алғанда өте қысқа мерзімде Қазақстанды қиындық пен күйзеліс кезеңінен сенімді де тұрақты өсу жолына алып шыға білді, ол сөз жоқ, еліміздің қазіргі заманауи бейнесінің қалыптасуы үшін шешуші тұлға болып табылады.

Қазақстан жетекшісінің ТМД кеңістігіндегі және түркі әлемінде айтарлықтай беделді саясаткер ретінде танылып отыруы да тегін емес.

Ғаламдық бәсекелестік жағдайында өзінің халықаралық ұстанымын күшейте түсу үшін қоғамдағы және экономикадағы жаңғыртушылық әлеуетін барынша тиімді пайдалануға ұмтылған серпінді мемлекет ретінде Қазақстанның айқындамасы

стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы жағынан қарағанда, Қазақстан өзіне Орталық Азияның түгелдей орнықты дамуы мен гүлденуі үшін барша үлкен жауапкершілікті алуы қажет. Жалпы өңірлік көзқарасты Қазақстан Үкіметінің саяси және экономикалық бағдарламаларына барынша тиімді үйлестіріп жүйелеу тиімді. Ол және Қазақстанның өңірдегі экономикалық және саяси жетекшілігі негізділігін халықаралық аудиторияларда түсінуге де негіз болуға тиіс.

Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікте қатысуын кеңейту, тақырыптарды әртараптандыру мен аудиторияны неғұрлым кеңірек қамту мақсатында аса бай ұлттық мәдениет қатпарларына, суретшілердің, әдебиетшілердің, философтардың, драматургтердің шығармалары түріндегі заманауи қазақстан өнеріне қызығушылықты ынталандыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізу қажет.

Біздің Астана өзінің неғұрлым танымал көрнекті жерлерімен серпінді даму үстіндегі Қазақстанның визит карточкасына, еліміздің гүлденуін бейнелейтін көшбасшыға айналуда. Астана шағын аумақта техникалық «ноу-хау», сондай-ақ қазіргі дәуірдің ең танымал сәулетшілерінің сәулет өнері шешімдері шоғырландырылған бірегей қала болып табылады.

Халықаралық дипломатияның, ғаламдық өркениеттер ұнқатысуының жаңа орталықтарының бірі ретінде, мәдени-гуманитарлық және білім беру саласындағы тартылыс орталығы, маңызды көлік қатынастарының торабы және ұлан-байтақ еуразия кеңістігіндегі инвестициялық рынок ретінде Қазақстан астанасына назар аударуды жалғастыра беру қажет. Қазақстан астанасының даму қарқынына орай, Астананың оң сипаттағы имиджінің жаңа қырлары пайда болары анық.

Көрсетілген іс-қимылды іске асырудың нәтижесі дүние жүзінде Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдық санадағы табысты дамып келе жатқан және прогрессивті мемлекет ретінде қабылдатудың қазіргі оң үрдістерін бекіту және жаңаларын қалыптастыру болмақ.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
		2008	2009	1-жыл (2010)	2-жыл (2011)	3-жыл (2012)	4-жыл (2013)	5-жыл (2014)
1-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының егемендігі мен қауіпсіздігін дипломатиялық жолдармен қамтамасыз ету, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті сақтау								
1.1-мақсат. Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау								
Мақсатты индикатор: Өзбекстан Республикасымен, Түркіменстанмен және Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық ресімдеуді аяқтау; Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекараның өту сызығының 100% жергілікті жерлерде бекіту; Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекараның өту сызығының 60% жергілікті жерлерде бекіту								

Мақсатты индикатор: Жергілікті жанжалдар туындауының қаупін азайту.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы мен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының шеңберлерінде өзара іс-қимыл жасау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін іске асыру, АӨСШК сенімділік шаралары каталогын орындау

1.3.1-міндет. Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес тетіктерін пайдаланып, Азияда сенім мен ынтымақтастық кеңістігін құру

Сенім шаралары жөніндегі мынадай құжаттарды қабылдау:								
Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі тұжырымдама; Жаңа қыр көрсетулер мен қатерлерге қарсы әрекет ету жөніндегі іс-қимылдар жоспары	Құжаттар пакеті		2					
Туризм саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасы; Шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы ынтымақтастық тұжырымдамасы; Ауыл шаруашылығы және аграрлық жоғары технологиялар салаларындағы ынтымақтастық тұжырымдамасы; Қауіпсіз және тиімді көлік дәліздері жүйесін дамыту жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасы; АӨСШК III Саммитінің саяси қорытынды құжаты	Құжаттар пакеті			5				
Ақпараттық технологиялар мен энергетикалық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастық тұжырымдамасы; Төтенше жағдайларды, табиғи апаттарды, дағдарыстар мен су ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасы; Экологиялық проблемалар жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасы	Құжаттар пакеті				3			
АӨСШК IV СИМК-нің саяси қорытынды құжаты	Құжаттар пакеті					1		
Экологиялық саладағы ынтымақтастық жөніндегі іс-қимылдар жоспары; Төтенше жағдайларды, табиғи апаттарды, дағдарыстар мен су ресурстарын басқару мәселелері бойынша ынтымақтастық жөніндегі іс-қимылдар жоспары	Құжаттар пакеті						2	
Ауыл шаруашылығы және аграрлық жоғары технологиялар салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі іс-қимылдар жоспары; АӨСШК IV Саммитінің саяси қорытынды құжаты	Құжаттар пакеті							2

2009 жылғы Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің Үшінші Съезінің қорытынды құжаттарын қабылдау. Қазақстан бастамашылығы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «2010 жылды мәдениеттердің халықаралық жақындасу жылы деп жариялау» туралы қарарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын 2009 жылы қабылдау және 2010 жылы орындау. Қазақстанға әлемдік дінаралық диалог орталықтарының бірі мәртебесін бекіту . 2012 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің Төртінші Съезін дайындау және өткізу	Құжаттар пакеті	1	1	1	1	1		
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылының тиімділігін көтеру								
2.1-мақсат. «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру								
Мақсатты индикатор: Еуропа елдерімен жыл сайынғы тауар айналымын 10% ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Жыл сайын мемлекеттер және үкіметтер басшылары деңгейінде 5 сапармен алмасу (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес), жетекші еуропа елдерімен әріптестік туралы келісімдерге (стратегиялық әріптестік, болашаққа бағытталған әріптестік және т.б.) қол қою. Қазақстан Республикасының еуропа құрылығындағы мүдделерін ілгерілету, демократиясы серпінді даму үстіндегі және еуропалық инвесторлар үшін перспективалы нарығы бар ел ретінде Қазақстанның имиджін нығайту								
2.1.1-міндет. Еуропа елдерімен технологиялық салада ынтымақтастықты кеңейту								
Еуропа елдерімен өнеркәсіп салаларында технологиялық ынтымақтастық туралы келісімдер ж а с а с у ; Технологиялар трансфертінің қазақстандық желісінің технологиялар трансфертінің еуропалық желісіне кіруі Қазақстанда қазақстан-герман ұңғылық торлар орталығын құру; био-және нанотехнология саласында бірлескен зерттеулер жүргізу	Құжаттар пакеті	1	1	1				
2.1.2-міндет. Еуропа елдерімен энергетикалық салада ынтымақтастықты кеңейту								
Еуропа елдерінен отын-энергетика кешенінің инфрақұрылымдық объектілерін сатып алу	Құжаттар пакеті	1	1	1				
2.1.3-міндет. Еуропа елдерімен көлік және коммуникациялар салаларда ынтымақтастықты кеңейту								
ЕО-мен Қазақстандық және панъеуропалық көлік тораптарының түйісу шегіндегі көлікті тораптарды дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою.	Құжаттар пакеті				1			
2.1.4-міндет. Еуропа елдерімен техникалық реттеу мен метрология саласындағы ынтымақтастықты кеңейту								
ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық регламенттер қ а б ы л д а у ;								

ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін үйлесімдендірілген стандарттар қабылдау; ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін сынақ және өлшеу зертханаларын тіркеу; ұлттық эталондық базаның еуропалық үлгілерге сәйкестігіне қол жеткізу	Құжаттар пакеті	1	1	1				
Стандарттау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға, соның ішінде Стандарттау жөніндегі Еуропалық комитетке (CEN), Аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымға (ILAS), Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумға (IAF) кіру	Құжаттар пакеті			1				
2.1.5-міндет. Гуманитарлық салада және өмір сапасы саласындағы ынтымақтастықты дамыту								
қарқынды егін шаруашылығы бар аудандардағы далалық ландшафтардың шелейттенуінің экологиялық болжамының ғылыми негіздерін әзірлеу, жерді пайдаланудың орнықты жүйесі әдістерін белгілеу; еуропа елдерімен әскери білім беру және әскери-ғылыми қызмет саласындағы келісімдерге қол қою; еуропалық ауруханалық менеджментті енгізу	Құжаттар пакеті	1	1	1	1			
2.2-мақсат. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымда (ЕҚЫҰ) Қазақстанның рөлін көтеру								
Мақсатты индикатор: Қазақстанның ұлттық мүдделерін іске асыру үшін ЕҚЫҰ-ның құралдарын әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық салаларда (бұдан әрі - ЕҚЫҰ-ның үш өлшемі) пайдалану.								
2.2.1-міндет. Қазақстан Республикасының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдайлар жасау								
